

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) басқару органы ретіндегі Директорлар кеңесі қызметінің рәсімдерін нақтылайды.

2. Ереже «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қоғамның Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) және Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленді.

3. Директорлар кеңесі – Заңмен және Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы.

4. Осы Ереже Директорлар кеңесі мүшелерінің мақсаттарын, қызмет принциптері мен функцияларын, құзыретін, сайлау тәртібін және өкілеттік мерзімін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, Директорлар кеңесі қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

5. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті, осы Ережені және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

6. Директорлар кеңесі мүшелері мен Қоғам арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Кодекс ережелері мен Ережені ескере отырып, шарттармен ресімделеді.

Шарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа да елеулі талаптар, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің Кодекстің ережелерін сақтау, оның ішінде өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу міндеттемелері, Директорлар кеңесі белгілеген мерзімге оның қызметі тоқтатылғаннан кейін Қоғам туралы ішкі ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелер және директорлар Кеңесі белгілеген мерзімге тәуелсіз директорлардың мәртебесі мен функцияларына қойылатын талаптар көрсетіледі.

Шарттарда Директорлар кеңесі мүшелерінің жекелеген міндеттерді орындау мерзімі көзделуі мүмкін.

2. Терминдер мен қысқартулар

Жалғыз акционер – Қоғамның жоғары органы – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Директорлар кеңесі – Қоғамның басқару органы;

Басқарма – Қоғамның алқалы атқарушы органы;

Лауазымды тұлға – Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшесі;

Корпоративтік хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның директорлар кеңесі тағайындаған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін акционерлік қоғамның жұмыскері, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қалыптастыруды қамтамасыз етеді, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асырады. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады;

Омбудсмен – Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі Қоғамның өзіне жүгінген жұмыскерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатты проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қоғам жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу болып табылады.

3. Директорлар кеңесінің мақсаттары, қызмет принциптері және функциялары

7. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасау, Қоғамның мүддесін іске асыруды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Қоғам қызметінің қағидаттарын белгілеу, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционер және басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерін түсіну мен сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

8. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін мына қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Қоғамның қызметі туралы дұрыс және толық ақпаратты пайдаланып, мәселелерді алқалы және сараланған талқылау негізінде шешімдер қабылдау;

2) Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау;

3) Директорлар кеңесінің барынша объективті шешімдер қабылдауы арқылы Жалғыз акционер мен Қоғам мүддесінің теңгеріміне қол жеткізуді

қамтамасыз ету;

4) парасаттылық, тиімділік, белсенділік, саналылық, адалдық, жауапкершілік және дәлдік қағидаттарын ұстана отырып қызметті жүзеге асыру;

5) Кодексте баяндалған өзге де қағидаттармен белгіленеді.

9. Директорлар кеңесінің негізгі функцияларына белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам дамуының басым бағыттарын айқындау және Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді перспективаға негізгі бағдарларын белгілеу;

2) нарықтық жағдайды, Қоғамның қаржылық жай-күйін және Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін өзге де факторларды ескере отырып, Қоғамның бекітілген басым бағыттарды ұстануын объективті бағалау;

3) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы Қоғамның ішкі рәсімдерін бекіту, осындай рәсімдердің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тиімділігін талдау және жетілдіру;

4) лауазымды тұлғалар деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын қадағалау және мүмкіндігінше жою, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалану.

Бұл жағдайда Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге Директорлар кеңесінің корпоративтік жанжалдың мәні туралы ықтимал хабардар болуын және корпоративтік жанжалды шешудегі делдалдың рөлін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

5) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

4. Директорлар кеңесінің құзыреті

10. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы шешім қабылдау, олардың құрамын, мерзімі мен өкілеттіктерін айқындау, Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ережелерді бекіту және Комитеттердің

хатшысын тағайындау;

6) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау;

9) Ішкі аудит қызметінің (ішкі аудитордың) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің (ішкі аудитордың) жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің (ішкі аудитордың) еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыны айқындау;

12) тізбесін Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олардың Ережелерін бекіту;

14) Қоғамның өзге заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы;

15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) жасасу туралы шешімді Заңға және Жарғыға сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және оларды жасауға Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

19) Қоғамның тиісті кезеңге арналған даму жоспарында белгіленген көрсеткіштер шеңберінде Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту;

20) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

12. Директорлар кеңесі кворум болған жағдайда ғана шешім қабылдайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында немесе Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін айқындайтын ішкі құжаттарында өзгелей көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

5. Директорлар кеңесін сайлау

13. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционерлер - жеке тұлғалар;
2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар ішінен сайланады.

14. Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

1) Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған өзге заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде өзге заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған адам сайлана алмайды. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған өзге заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

15. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

16. Кандидаттар мен Директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін

барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік әрі салалық ортадағы мінсіз беделі болуы тиіс.

17. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

18. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері лауазымға кіріспе бағдарламасынан өтуді талап етуге құқылы.

Директорлар кеңесі жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері үшін лауазымға кіріспе бағдарламаны және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін Кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

19. Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Сонымен қатар, тәуелсіз директорлардың саны қабылданған шешімдердің тәуелсіздігін және Жалғыз акционерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды.

20. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіретін Қоғаммен, оның басқаруымен немесе меншігімен қандай да бір материалдық мүддеден немесе қатынастардан бос болуы керек.

21. Тәуелсіз директор деп Жалғыз акционердің, Басқарманың және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар адам танылады.

22. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсенді қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, оларға қатысты мүдделілік бар мәмілелер жасасу, Басқарма құрамына кандидаттар ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу). Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің негізгі Комитеттерінің төрағалары сайлайды.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің ықтимал жоғалуын бақылайды және мұндай жағдайлар орын алғанда Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

23. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

24. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

25. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға тиіс.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады.

27. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

28. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасымен мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер етіп жалпы алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі біткен кезде бір мезгілде аяқталады.

7. Директорлар кеңесінің төрағасы

29. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері ішінен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

30. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Кодексте белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

- 3) отырыстарда Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізуді ұйымдастырады және оларға қол қояды.

31. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

32. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғыда және Кодексте айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

33. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде:

- 1) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарына, Директорлар кеңесінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 4) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;
- 5) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжатымен танысуға;
- 6) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету жолымен өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

34. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтай отырып, ақпараттандыру, ашықтық негізінде, Қоғам мен оның жалғыз акционерінің мүддесі үшін адал, ақылға қонымды және әділ іс-қимыл жасауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдау шығаруға;
- 2) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- 3) Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуге және Қоғамның басқа органдарымен және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыста болуға;
- 4) Директорлар кеңесінің отырысына қатысудың мүмкін еместігі туралы өзінің болмау себептерін көрсете отырып, алдын ала хабардар етуге;
- 5) Заңда, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Директорлар кеңесі мүшесінің өзге заңды тұлғаларда лауазымдарға орналасуына Қоғамның тәуелсіз директорларының Қоғамға, осы Қоғамның үлестес тұлғаларына үлестестігін болдырмау, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғаларымен бағыныстылығына жол бермеу, мемлекеттік қызметші болуына, Қоғамның аудитіне қатысуына жол бермеу мақсатында Директорлар кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін жол беріледі;

35. Директорлар кеңесінің мүшелері мүдделер қақтығысына қатысты

мына ережелер мен талаптарды сақтауы қажет:

1) өзі, Қоғам және Жалғыз акционер арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын немесе ықтимал әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болуға, ал мұндай жанжал болған немесе туындаған жағдайда бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде дереу хабарлауға;

2) шешім қабылдауға мүдделілігі бар мәселелер бойынша дауыс бермеуге;

3) ресми іс-шараларды өткізу кезінде жалпы қабылданған сыпайылық қағидаларына сәйкес назардың символдық белгілерінен немесе кәдесыйлардан басқа, Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің лауазымдық жағдайы шеңберінде қабылдаған немесе жасаған шешімдері немесе әрекеттері үшін сыйақы болып табылатын немесе қаралуы мүмкін жеке немесе заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер немесе қандай да бір артықшылықтар алмауға;

4) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған құпия, инсайдерлік және өзге де ақпаратты жария етпеуге, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, қоғамдағы жұмысы аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде де өзінің немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдаланбауға;

5) өзінің үлестестігі және ондағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға;

6) Қоғаммен бәсекелес ұйымдардың органдарын құрмауға, оларға қатыспауға;

7) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;

8) кезек күттірмейтін шешімдерді шешу үшін Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге бастамашылық жасауға;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылауға;

10) Қоғамның қауіпсіздік режиміне және құпия ақпаратының сақталуына байланысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген барлық ережелер мен рәсімдерді сақтауға тиіс.

9. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

36. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасымен немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің (ішкі аудитор);
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талабымен шақырылуы мүмкін.

37. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының

ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

38. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты қанағаттандырған жағдайда, ол отырыстың нысанын белгілеуге және ұсынылатын отырыстың күн тәртібін толықтыруға құқылы.

39. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

40. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыруы тиіс.

41. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын ұсынылады.

Егер оларды күн тәртібіне енгізу үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумы бар Директорлар кеңесінің кез келген отырысы барысында күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі және дереу қаралуы мүмкін. Осы тәртіппен күн тәртібіне маңызды сипаттағы мәселелер, оның ішінде Қоғамның жасауға мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелерді мақұлдау туралы мәселелер енгізілмейді.

Маңызды мәселелердің тізбесі даму жоспарынан, Басқарма басшысы мен мүшелері үшін уәждемелік ПӘК-тен, жылдық есептен және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысудан тұрады, бірақ олармен шектелмейді.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімдерін бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Мерзімі бұзылған мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі беріледі. Мерзімді бұза отырып, мәселелерді күн тәртібіне енгізуге байланысты мән-жай Қоғамның корпоративтік хатшысының қызметін бағалау кезінде ескеріледі.

10. Директорлар кеңесінің отырысы

42. Директорлар кеңесінің отырыстары ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттарын негізге ала отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесі толық, шынайы және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мына шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттар сапасының жоғарылығы (оның ішінде қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі мүшелерінің тілді меңгеруіне қарай басқа тілдерге аудару);

2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу. Сарапшыларды тарту, Директорлар кеңесін қабылданған шешім үшін жауапкершіліктен босатпайды;

3) Директорлар кеңесінде талқылауға жұмсалатын уақыт, әсіресе маңызды және күрделі мәселелер үшін;

4) мәселелерді уақтылы қарау;

5) шешімдерде одан әрі іс-қимыл жоспары, мерзімі және жауапты тұлғалар көзделеді.

43. Директорлар кеңесінің отырыстары, әдетте, ағымдағы жылдың соңында бекітілетін, жоспарланатын мәселелер тізбесін және отырыстарды өткізу кестесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы. Жұмыс жоспары қарау кезеңін көрсете отырып, қажеттілік бойынша отырысқа шығарылған мәселелер туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

44. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу отырысты өткізудің нақты тәсілін таңдауға негіздеме бере отырып, күндізгі немесе сырттай нысанда көзделеді, бұл ретте сырттай дауыс беру нысаны бар отырыстардың саны барынша азайтылуға тиіс.

45. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің жоқ мүшелері ескеріле отырып (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде) айқындалуы мүмкін.

46. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша хабарлама (пікір) беруге құқылы.

Жазбаша хабарламада (пікірде):

1) Жасалған күні;

2) Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесінің пікірі айтылатын күн тәртібі;

3) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша нақты айқындалған ұстаным;

4) Директорлар кеңесі мүшесінің қолы;

5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге де мәлімет көрсетілуі тиіс.

47. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша хабарламасы (пікірі) Директорлар кеңесі төрағасына пошта арқылы тапсырыс хатпен, курьермен жіберілуі, корпоративтік хатшыға жеке өзі, өкіл арқылы немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы мүмкін.

48. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған жазбаша хабарлама (пікір) кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыс хаттамасына тігіледі.

49. Жазбаша хабарламаны (пікірді) Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің төрағасына немесе корпоративтік хатшыға ұсынуы тиіс.

50. Егер бұрын жазбаша хабарлама (пікір) ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келген

болса, оның жазбаша хабарламасы (пікірі) есепке алынбайды.

51. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның даусы шешуші болып табылады.

52. Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол өзінің келіспеушілігін дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір түрінде баяндауға құқылы, оны Корпоративтік хатшы күндізгі тәртіпте өткізілетін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тіркейді. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда білдірілуі және толтырылған бюллетеньге қоса берілуі тиіс.

53. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

54. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар адамдардың бастамасымен өткізіледі.

Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін бюллетеньдер (Директорлар кеңесі отырысының сырттай нысаны) қолданылады.

55. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

56. Бюллетеньде мыналар көрсетілуі керек:

- 1) Қоғамның толық фирмалық атауы және оның орналасқан жері;
- 2) дауыс беруге шығарылатын мәселелерді және әрбір мәселе бойынша шешімдерді тұжырымдау;
- 3) әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары: «Қолдаймын», «Қарсымын», «Қалыс қаламын»;
- 4) «ескертпелер» бағаны;
- 5) толтырылған бюллетеньдер жіберілуі тиіс пошталық немесе электрондық мекенжайы;
- 6) бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күні.

57. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қоюы тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде, осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

58. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап үш

жұмыс күні ішінде қол қояды және мынаны қамтиды:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәлімет.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері хаттамаға қоса тіркеледі.

59. Хаттаманың (шешімнің) дұрыс жасалуына Корпоративтік хатшы жауапты болып табылады.

60. Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын, сырттай отырыстардың шешімдерін, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарының хаттамалары Корпоративтік хатшыда сақталады және олар қабылданған кезден бастап 2 (екі) жыл аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен Қоғам мұрағатына беріледі. Корпоративтік хатшы мұндай құжаттардың Қоғам мұрағатына берілгенге дейін сақталуы үшін жауапты болады. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабымен оған танысу үшін Директорлар кеңесі отырысы хаттамасының (шешімінің) түпнұсқасын беруге және қажет болған жағдайда хаттаманың (шешімнің) көшірмесін және Қоғамның өз қолымен және мөрімен расталған бекітілген не қаралған материалдарды беруге міндетті.

61. Қоғамның Жалғыз акционері, даму стратегиясының мәселелерін, Қоғам Басқармасының бірінші басшысын сайлауды және ұзақ мерзімді құнның өсуіне және Қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін басқа да аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен қосымша отырыстар өткізе алады.

Мұндай отырыстар алдын-ала жоспарланып, оның ұйымдастырылуына Басқарма мен Қоғамның Корпоративтік хатшысы жауапты болады.

62. Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізе алады. Шешім және оны қабылдау процесі талдауға жатады. Бұрын қабылданған шешімдердің ревизиясы Директорлар кеңесі өз қызметін бағалауды жүргізген кезде жүзеге асырылады.

11. Корпоративтік хатшы

63. Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл жасау мәртебесі, функциялары, құқықтары, міндеттері, тәртібі және Корпоративтік хатшының біліктілік талаптары Жарғыда, Кодексте және Қоғамның Корпоративтік

хатшысы туралы ережеде айқындалады.

Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның Басқармасына тәуелді емес.

12. Дивидендтік саясат туралы ақпаратты ашу

64. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген Қоғам мен Жалғыз акционер алдында олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залал үшін және Қоғам шеккен залалдар, оның ішінде, мына жағдайлардың:

- 1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) Заңда белгіленген ақпаратты беру тәртібінің бұзылуы;
- 3) олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары Қоғаммен осындай мәмілелерді жасасу нәтижесінде пайда (кіріс) алу мақсатында, Қоғам залалдарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) оларды жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуды ұсыну және олар бойынша (немесе) шешімдер қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауаптылықта болады, алайда олармен шектелмейді.

13. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы тағайындау

65. Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақылар, сондай-ақ Директорлар кеңесінде төрағалық еткені, Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны және төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді. Мұндай сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

66. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру шарттары, олармен жасалатын шарттарда және қажет болған жағдайда Қоғамның ішкі құжатында көрсетіледі.

67. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне олар өз міндеттерін атқарған кезеңде сыйақы төленбейді.

14. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

68. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік беруі керек. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

Бағалау Директорлар кеңесі мен оның жеке мүшелерінің кәсібилігін

арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де міндетті.

Бағалауды жүргізу жүйелілік, күрделілік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты өлшемшарттарға сәйкес келуі керек.

69. Бағалау мына мәселелерді қарастыруды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Қоғам алдында тұрған міндеттер контекстінде Директорлар кеңесі құрамының оңтайлылығы (дағдысы, тәжірибе балансы, құрамның әр түрлілігі, объективтілік);

2) Қоғамның көзқарасын, стратегиясын, негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын түсінудің айқындығы;

3) Даму жоспарлары;

4) Директорлар кеңесінің бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және Басқарма төрағасының Қоғам қызметіндегі рөлі;

5) Директорлар кеңесінің Қоғамның Жалғыз акционерімен, Басқармасымен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылының тиімділігі;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің әр қайсысының тиімділігі;

7) Директорлар кеңесі комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен өзара іс-қимылы;

8) Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттардың сапасы;

9) Директорлар кеңесінде, комитеттерде талқылау сапасы;

10) Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

11) процестер мен құзыреттерді түсінудегі айқындық;

12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі;

13) Жалғыз акционермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасасу.

Директорлар кеңесі бағалауды Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің тиісті бағасын ескере отырып, жыл сайын жүргізеді. Бағалау әдістері, өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту болып табылады. Тәуелсіз сыртқы кеңесші кем дегенде үш жылда бір рет тартылады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлауға, Директорлар кеңесінің құрамын қайта қарауға және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта сайлауға негіз бола алады. Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

70. Жалғыз акционер Директорлар кеңесін өз бетінше немесе тәуелсіз кеңесшінің қатысуымен бағалай алады. Директорлар кеңесі өз бетінше жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, Жалғыз

акционердің болжамдарын орындау және өзге де факторлар назарға алынады.

15. Ереженің заңды күші

71. Осы Ереже нормаларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен қайшылықтары болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің нормалары қолданылады, ал Ереже сәйкес келтіруге жатады.

Келісу нәтижелері

14.11.2019 15:03:39: А.А. Бетризова (Мемлекеттік-жекешелік әріптестік активтері мен жобалары басқармасы) - - ескертусіз келісілді